

Қазақстан Республикасында қазақстан-қытай өсімдіктерді қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысын өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 маусымдағы N 148-ө
Өкімі

2006 жылғы 5 - 9 маусым кезеңінде қазақстан-қытай өсімдіктерді қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысын өткізуге
б а й л а н ы с т ы :

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қытай Халық Республикасы делегациясы мүшелерінің Алматы қаласында қонақ үйде тұруына байланысты шығыстарға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 399000 (үш жүз тоқсан тоғыз мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр